

**"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644
бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2026 жылғы 19
мамырдағы № 53 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644
бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық
мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) ерекше бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің)
жартыжылдық тізімінің, ерекше бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін)
тексеруді тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту, тексеру нәтижелері туралы
актілердің, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
мониторинг жүргізу туралы шешімінің, мониторинг нәтижелері туралы актінің,
анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысандарын әзірлеу;"

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы
эпидемиялық мәні бар субъектілердің (объектілердің) тізілімін қалыптастыру
қағидалары мен оның нысанын әзірлеу;"

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының
заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және
орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан
Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне
енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан

Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы*

Т. Мұратов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК